

2 дәріс. Америка құрама штаттары. Музейлік білім беру қызметі дамуының философиялық аспектілері.

Жоспар:

1. Америка құрама штаттары
2. Музейлік білім беру қызметі дамуының философиялық аспектілері.

Англия музейлері Америка құрама штаттарының музей ісінің қалыптасуы мен дамуына үлкен ықпалын тигізді. XIX ғасырда Америка – жас ел ретінде эстетикалық идеялары, өнеркәсіптің даму жоспарында да, Еуропаға мәдени жағынан тәуелді болды. 1876 ж. Филадельфияда өткен америкалық сәндік-қолданбалы өнер көрмесі осы тәуелділіктің көрінісі болды, сонымен қатар, ол «Өнер мен кәсіптің қайта өрлеуі үшін» атты ұлттық сипат алған қозғалыстың дамуына түрткі болды. Бұл қозғалыстың қайраткерлері техникалық алға басуды негізге алды. Дәл осы жылы Детройтта өнер музейінің базасында АҚШ-тағы алғашқы өнеркәсіп өнерінің мектебі ашылды.

Оңтүстік-Кенсингтон музей үлгісі, музейдің пайдалы жақтарын көркем музейлер және «Әдемі қала үшін», «Үйлерді жақсарту үшін» атты әлеуметтік акциялар арқылы көрсете білген Нью-Йорк, Бостон, Чикаго және тағы басқа қалалар музейлерінің білім беру концепцияларына негіз болды. Бұл акциялар америкалық прагматизм және эгалитаризм (тең құқылы) идеологиясына сай келді. Бұған Б.Франклиннің: «пайдалы нәрсенің сұлулығы жас мемлекеттің эстетикасының негізі болуы тиіс» және «...бір мектеп мұғалімі бір топ ақынға тең, ал жаңа машина Рафаельдің үздік туындыларынан артық» – деген сөзі айқын дәлел бола алады. Философ және психолог Дж.Дьюи эстетика және көркем шығармамен айналысудың мәнін дәл осы тұрғыдан түсінді. Ол өзінің эстетикалық тәрбиеге байланысты концепциясында өнерді таза утиларлық көзқараспен қарастыра отырып, онымен танысуды ол қолайлы заттарды жасауда дағды қалыптастыру міндеттерімен байланыстырды.

Қолайлылық идеясы сол кезде ашылған Нью-Йорк, Бостон, Филадельфия және Чикагодағы көркем музейлер идеологиясы мен тәжірибелік қызметінің негізі болды.

Осы орайда қаланы жабдықтау жұмыстарына тартқан, үй үлгілері, интерьерлердің көрмесін ұйымдастырған Толедо өнер музейінің тәжірибесін айтуға болады. Оның бастамасымен «Құстардың клубы» ашылған болатын, клуб қызметінің шеңберінде оқушылар қала бақтарында құстар өсірді, бұл шара балалардың пайдалы іспен айналысуына ықпал жасады.

Сонымен қатар, әр бір музей белгілі бір деңгейде білім беру мақсатын көздеді, тіпті кейбірінде «музей мұғалімі» қызметі енгізілді (Бостон өнер музейі). Детройт қаласындағы өнер музейінде 1890 ж. бастап бейнелеу өнері, археология, әдебиет және басқа да ғылым салалары бойынша кең көлемде ағартушылық жұмыстары жүргізіле бастады. Айтылған музейде «Суретші-әйелдер қоғамы», «Кітапхана қызметкерлерінің қауымдастығы» және т.б. әртүрлі қоғамдық ұйымдар мен ассоциациялар құрылғанына қарап, оның

педагогикалық оқу үрдісіне бет бұрғанын және музейлердің оқу мекемелеріне айналғанын көруге болды.

Білім беру мақсаттары, әсіресе, АҚШ–тың ең ірі көркем музейі жарғысы – музей метрополитенінде (Нью-Йорк) көрсетілген болатын. 1870 ж. нақышты өнерді дамыту және оқып үйрету, оны өнеркәсіпте және өмір тәжірибесінде қолдану, сондай-ақ, көркем білімді дамыту мақсатында құрылған бұл музейге ағылшын және неміс музейлерінің ықпалы зор болды. Қазіргі күні Метрополитен коллекцияларының кең көлемділігі, сапасы, көрерменмен жұмыс түрлерінің сан алуандығымен (экскурсиялар, концерт, лекциялар, кино көру, жол көрсеткіш) америкалық музейдің үлгісі болып отыр.

1893 ж. Чикагода өткен дүниежүзілік Колумбиялық көрме шеңберінде көркем шығармалар да қойылып, мұнда өнерді оқытудың интернационалдық конгресі болып өтті. Мұнда көптеген өнеркәсіптік өнер көрмелерінің пайдалы жақтары қарастырылды. 1907 ж. АҚШ-та құрылған «Индустриальды білім беру қоғамы», ал 1910 ж. Бостонда, индустрия дизайнының дамуына арналған конференция өтті. Тоғыз жылдан кейін осы саладағы жеткен жетістіктерге байланысты Метрополитен музейінің (оның білім департаментінде индустриальды өнерге сектор бөлінген болатын) орасан зор көрме өткізуі осы шараның қорытындысы іспетес болды.

Дегенмен, көркем музей үшін басты міндеттердің бірі – жоғары талғамды тәрбиелеу болды. Дәл осы бағыт эстетикалық қозғалыстың негізгі мақсаттарын анықтады.

Осы уақытта америкалық мәдениетте өзіне тән, Европалық музей үлгісіне ұқсамайтын музей түрі қалыптасқан еді, онда тарих және техника ескерткіштері адамзат әрекетінің сан алуан бағытының негізінде түсіндірілді. Вашингтондағы (1904 ж. негізі қаланған) АҚШ-тың екі жүз жылғы ғылымының дамуын (археология, астрономия, тарих, саясат, өнеркәсіп, транспорт, бейнелеу өнері, әскери іс және т.б.) көрсететін коллекциялары бар тарих және техника Ұлттық музейі міне осындай болды.

Бейнелеу өнерінің туындыларының америкалық музейлердің ажырамас бөлігі болуы кездейсоқтық емес: бұл өнер мен сұлулықты индустриальды бағыттың материализміне қарама-қарсы қойған эстетикалық қызмет идеологиясына жауап берді.

XX ғ. басында-ақ АҚШ музейлері ұлттық мәртебе символдары ретінде ғана емес, сонымен қатар, эстетикалық тәрбие құралдары ретінде де қарастырылды. «Өнер культінің беделі ең жоғарғы орында тұрса, сонда ғана ұлттың ұлылығы мен данқы артады», - деп Хаксли өнер галереясының директоры және «Эстетика» журналын шығарушы - Р.Вайер айтқан еді.

Көркемдік талғамды қалыптастыру мақсатында музейлер лекция-концерттер, өздерінің экспозицияларын тегін көру және музейлерға дейінгі қоғамдық көліктерде тегін жүру сияқты шаралар жүргізді. Бірақ, әсіресе ең маңыздысы – осыған ұқсас шараларды концепциялық түрде ұғыну үрдісі басталды.

Америкалық музейлердің білім беру функцияларының алғашқы теоретиктерінің бірі – Д.Рескиннің және Оңтүстік-Кенсингтон мектебінің

ізбасары Д.Гудд болды, ол музейдің мақсатын заттар арқылы оқытып үйрету идеясынан көрді. Көркем және ғылыми-жаратылыстану музейлерді бөліп қарастыра отырып, зерттеуші музей коллекцияларын оқып үйрену білім беруге алғашқы қосылған үлес және көрерменді жазбаша ақпаратпен - үндеулер, жолсілтеушілер және суретшілер туралы монографиялармен қамтамасыз ету керек деп түсінді. Сонымен қатар, көпшіліктің алдында лекциялар оқуды да жақтады. Д.Гудданың инициативасы тез арада іске аса бастады. 1906 жылы Метрополитен музейінде бірінші рет келушілерді экспозициялармен таныстыратын жолсілтеуші және мұғалімдерге арналған құрал шығарылған болатын. Демалыс күндері бұл жерде көпшілік жұрт алдында лекциялар оқылды. Музейдің білім беру мәселелеріне арналып «Метрополитен бюллетені» шығарылды, мұнда көпшілік алдында, яғни, студенттер, мұғалімдер, дизайнерлер, тіпті көзі көрмейтіндер мен құлағы естімейтіндерге лекциялар оқу сияқты бағдарламалар жасау жұмыстары талқыланды. 1919 ж. бұл музей қызметкерлерінің назарын бастауыш, орта мектеп және т.б. оқу орындарындағы жұмыс аударды.

АҚШ-тағы жинақталған келушілермен жұмыс жүргізу тәжірибесі, көркем музейдің еркшелігіне бағытталған міндеттерді нақтылауға септігін тигізді: «Музей балалардың білім алуына, дұрыс демалуына және үлкендірдің білім деңгейлерін дамытуына жағдай жасауға тиіс.

Ол студент білім алатын, суретшінің шабытын оятатын қойма болуы тиіс. Оның ықпалы үйде және қоғамның барлық мүшелерінің өмірінде сезілуі керек. 1924 ж. осы тәжірибе негізінде көрермендердің әртүрлі категорияларына арналған бағдарламалардың үлгілері жасалынды (Д.Хайд). Бұл бағдарламалар былайша бөлінген болатын:

- демалуға және көпшіліктің көңіл-күйін көтеруге;
- білім деңгейін көтеруге (соның ішінде студент-өнертанушылар және суретшілер) арналған;
- өз ісін жетік білетіндерге көмек;
- балалардың игілігі үшін.

Бұл блоктағы америкалық музейлер өмірінде бүгінде де үлкен мәні бар рекреациондық функцияларға байланысты бағдарламаларды бөліп қарастыру керек. Келушілерді қуатты инфражүйемен қамтамасыз ететін бұл бағдарламалар оларды демалыста және өнерге баулуда қатал ережелерді ұстанбайды. Алғаш бұл функция туралы Д.Гудданың шәкірті А.Паркер айтқан болатын, ол музейді өмір және қазіргі құндылықтармен байланысқан әлеуметтік институт ретінде қарастыра отырып, музейге келу ұйымдасқан демалыс түрі болып табылады деген қорытындыға келеді.

Білім беру қызметі тәжірибесінде мектеп пен музей білім берулерінің арасындағы айырмашылық белгілі болды. Оның мағынасы музей ескерткішімен пән бойынша оқушыларға ақпарат беру құралы ретінде онымен пайдаланудың алдында танысу болып табылады. Егер бұл ескерткіш өнер туындысы болса, онда музей педагогына білім берушіден гөрі, оған «көруді жылдамдатқыш» ролі берілді. Музейге деген прагматикалық көзқарастарға қарсы келетін бұл ұстаным музейде мектептік педагогикалық әдістерді

ұлғайтудан сақтандыратын мамандардың пікірі еді. Бұларға Б.Гилманды жатқызуға болады, ол көркем музейлер мен басқа бейіндік музейлердің аражігін ашып көрсетті. Музей қызметінің эстетикалық бағыттарының ірі өкілі ретінде танымал болған Б.Гилман: «Білім беру саласы басталған жерде, өнер саласы аяқталады» деп сендірді. Осы жерде ғалымның өнерді қабылдаудағы пайымдау аспектісіне деген ұстанымын көруге болады. Б.Гилман, көркем туындылар өзінің мазмұны және формальды жағынан көрерменге тікелей әсер етуі тиіс деп есептеді. Ол музейде келушілерге суретшінің ойын түсіндіретін адамның болуын құптаған еді. Бірақ, ғалымның пікірі бойынша, педагог музеймен танысу барысында тек «жасы үлкен жолдас» ролін ғана атқаруы тиіс және сөйлесу барысында тілі, өнер тарихы бойынша ешқандай мәлімет бермеу керек деген пікірде болды. Алайда, көркем музейлерді білім мекемесі деп есептейтін Б.Гилман, экспозициямен танысу кезінде зеріуге жол бермеу жолдары туралы да жазды.

АҚШ-тың білім философиясының эстетикалық бағыты музейдің мақсатын қоғамда эстетикалық талғамның жоғары үлгісін тәрбиелеу және қолдау деп анықтады. Өзінің өзектілігін жоғалтпаған бұл ұстаным, музей педагогінің қызметін келуші мен өнер туындысы арасындағы жалғастырушы ретінде түсінуден туындап отыр. Көптеген музей қайраткерлері ұстанған бұл эстетикалық бағыт, білім беру тәжірибесінен гөрі музей жұмысы мақсатының теориясы болды. Көп ұзамай оған бәсекеге, өнер тарихының университеттік ғылыми пән ретінде дамуына байланысты қалыптасқан өнертанулық бағыттың келуі кездейсоқтық емес еді. XX ғ. бірінші отыз жылдығында жылдам дамыған бұл бағыттың бастаушысы Гарвард университеті болды. Өнертану шеңберінде бейнелеу өнері туындыларын жалпы гуманитарлық білімнің бір саласы ретінде басқа өнер түрлерімен қатар қарастыруға мүмкіндік берген пәнаралық тәсіл дамыды.

Метрополитен музейі бұл жерде де алғаш болып, тарих, география және т.б. мектеп пәндері бойынша костюмдер, жиһаз үлгілері және басқа да тарихи заттарды қолдана отырып, сабақты қалай жүргізу керектігін көрсетті.

1930-40 жж. барлық жағынан жетістікке жеткен білім беру қызметі оны америкалық музейлердің басты функциясы ретінде қарастырады, зерттеушілердің пікірінше, олардың көбі «еркін формальды емес арт-колледждерге» және білім беру мекемелеріне айналып бара жатты (Т.Лоу). Бұған Цинциннати қаласындағы көркем музейді үлгі ретінде айтуға болады, 1930 ж. музейде балаларға арналған жексембілік сабақ бағдарламасын жасаған Білім бөлімі ұйымдастырылған болатын. Олар бұл бағдаламаға мифология, музыка, тарих, география, мүсінмен айналысу сабақтарын кіргізді. Білім беру бағдарламаларын жасауда, сол кездегі педагогтардың жетістіктері есепке алынғандығы өте маңызды.

Бұл тәжірибедегі белгілі америкалық маман В.Дамиктің ойы өте қызықты, ол музейдің педагогикалық қызметін, оқыту әдістерін қалыптастыру және бала қабылдауының психологиясын зерттеуге арналған тәжірибелік лабораторияға айналдыру керек деген тұжырымға келеді. Бұл тұжырым жай айтылып қана қойған жоқ. 1920 жж. мектеп сабақтарында өткізілген түс,

фактура, сызық және формамен таныстыру эксперименттері өнерге қатысты өз пікірін білдіруге және күнделікті өмірде заттарды таңдауға мүмкіндік беретін эстетикалық қабылдаудың дамуын, көркем талғамның жақсарғанын, білім қорының ұлғайғанын көрсетті.

Нәтижелі ғылыми-әдістемелік ізденіс және білім мекемелерімен ынтымақтастық америка музейлеріндегі музей білімінің теориясы мен практикасы негіздерін айқындады. Алайда, бұл жүйеге 1930 жж. түзетулер мен жаңартулар енгізілген еді. Ұлы дағдарыс кезінде негізгі назар америкалық музейлердің әлеуметтік-мәдени функцияларының дамуына бағытталды. 1932 ж. бірінші статистикалық зерттеулердің мәліметтері бойынша, елдің 120 музейінде көрермендермен жүргізілген жұмыс жасау қорытындылары халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарын кең көлемде музейге тарту қажет деген тұжырымға әкелді. Сонымен қатар, жан-жақты амалдардың жоқтығынан зардап шеккен музей білім беру әдістерінің жетіспеушілігі де байқалды.

1920 жж. америкалық музейлердің білім беру қызметіне қысқаша саралау жасауды аяқтай келе, прагматизм идеологиясының үстемдігіне байланысты оның музейлерді педагогикалық мекемелерге айналуына жағдай жасағанын баса айту қажет. Сондай-ақ, Ресейдегідей, оның білім беру қызметін ұғыну көркем музейлер жағдайында жүзеге асты. Оның қызметі тәжірибесінің негізінде келушілермен жұмыстың жетекші бағыттары қалаптасты:

- мәдени (дайындығы жақсы келушілер үшін);
- Білім беру: а) өнер және кәсіп саласында кәнігілік деңгейін қамтамасыз ету үшін; б) мектеп білімін және онымен байланысты мақсаттарды қамтамасыз ету үшін;
- рекреациондық – музейлік ортада демалыс және көңіл көтеру.

АҚШ-та музейдің әлеуметтік-мәдени функциясы және оның білім беру қызметінің бағыттары анықталды. АҚШ музейлерінің білім беру қызметтерінің дамуы көршілес елдердегі осындай үрдістердің дамуына ықпалын тигізді, бірақ олардағы музей ісі бірнеше он жылдыққа артта қалған еді және АҚШ-тағыдай деңгейге жетпеді. Бұған мысал ретінде Канаданы айтуға болады. Бұл елдің ең ірі музейі – Торонтодағы Корольдық Онтарио музейі 1914 ж. құрылған болатын және бастапқыда бес дербес: археология, палеонтология, минерология, зоология және геология музейлерінен бірікті. 1968 ж. дейін бұл музейдің Торонто университетінің бір бөлімі болғандығы оның бастапқы білім беру бағытын көрсетеді және бұл бағыт соғыстан кейінгі онжылдықта ғана толыққанды дамыған еді.